

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасында дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 қарашадағы N 1129 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасында дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы келісім жасасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі,

екі жақты қарым-қатынасты одан әрі кеңейтуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Екінші Тараптың мемлекетінде тіркелмеген жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары келген кезінен бастап 30 (отыз) күн ішінде визасыз екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, кете алады, транзитпен өте алады және онда уақытша бола алады.

2. Жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болатын уақытында осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

2-бап

Екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы дипломатиялық өкілдікке, консулдық мекемеге немесе халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілген жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары сол елде олар болатын бүкіл кезеңге жарамды виза алуы тиіс. Осы ереже сондай-ақ егер олардың дипломаттық немесе қызметтік паспорттары болса немесе олардың аты-жөні әкесінің немесе шешесінің паспортына жазылса, дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне, сондай-ақ олардың асырауындағы адамдарға да қатысты қолданылады.

3-бап

1. Дипломатиялық өкілдікке, консулдық мекемеге немесе халықаралық ұйымға жұмысқа тағайындалған, жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына және олардың отбасы мүшелеріне визалар олар жол жүргенге дейін ресімделеді.

2. Жіберуші Тарап мемлекетінің уәкілетті органы дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге сондай-ақ халықаралық ұйымдарға тиісті адамдардың тағайындаулары туралы қабылдаушы Тарап мемлекетінің уәкілетті органына алдын ала хабарлайды.

4-бап

Дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары халықаралық қатынастар үшін ашық, барлық өткізу пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады.

5-бап

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекетінің азаматына, егер аталған тұлға қолайсыз деп танылса немесе *persona non grata* деп жарияланса өз шешімін дәлелдеп жатпастан оның келуіне рұқсат беруден бас тартуға, немесе оның өз аумағында болу мерзімін қысқартуға немесе тоқтатуға құқылы.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары осы Келісімге қол қойылған кезден бастап 30 (отыз) күн ішінде дипломатиялық арналар бойынша қолданылып жүрген дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен алмасады. Өзінің паспорттары өзгерген жағдайда кез келген Тарап екінші Тарапқа жаңа паспорттардың үлгілерін табыс етеді және оларды қолданысқа енгізгенге дейінгі 30 (отыз) күн ішінде оларды қолданудың тәртібі туралы хабарлайды.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар және пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

9-бап

Осы Келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісім беймәлім мерзімге жасалады және осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша хабарлау арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Осы Келісім Тараптардың бірі тиісті хабарламаны екінші Тарапқа жіберген күннен бастап 6 (алты) ай өтісімен өзінің күшін жояды.

Манила қаласында 2003 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісім ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаса, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

Ф и л и п п и н
Республикасының

